



Ғылым тағам

— рухани-танымдық журнал



Ол аспап ішектерінің үстімен ысқыны бір жүргізіп өтті де тағы да қалың ойға кетті. Дәл осы сәтте оның бүкіл жандүниесі Вивальдидің сазына шөлікерулі-тұғын. Әуелі оның өзінің дәл осы сәттегі көңіл-күйін аңдағандай болып баяу ғана үздігіп шыққан әуен бара-бара күшейе түсіп, бүкіл сезім пернесін тап басып, өмірдің сонау бір өткен шақтарын көз алдынан көш керуеніндей тізбектей жөнелді. Әлім Алмат (Ғалымжан Әбдісаламов – авт) 1917 жылғы сәуірде бүгінгі Ырғыз ауданының Қарақоға деген жерінде дүниеге келген еді. Әкесі Әбдісалам Төремұратов болыс басшысы болған, ол кісі 1920 жылы дүниеден өткесін Ғалымжанды атасы Төремұрат (1848-1933 ж) қолына алады. Ол жарықтық көп ұзамай немересімен мәңгілікке айырылысатынын білгендей-ақ оған туған жері – осынау Ырғыз өлкесінің тарихы, арғы ата-бабасының лайықты ұрпағы болу үшін өзін қалай ұстауы туралы ұдайы әңгіме, ақыл-кеңес айтып отыратын. Осындағы Мән төбесінің бауырайында Әбілхайыр хан мен ақ патшаның елшісі арасында XVIII ғасырда (1731 ж) келісімге кездесу өткенін де ол осы атасынан естіген болатын.

ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ТҰНҒЫШ СКРИПКАШЫ



Әлім Алматтың (Ғалымжанның) бабасы Алмат Тобаберенов (1804-1882ж) Шөмекей руының беделді тұлғасының бірі және өз дәуіріндегі озық көзқарасты таратушылардың бірі, өте құрметті адам болған. Ол жастайынан өзі туған аймағындағы саяси өмірге белсене араласады. Оның іскерлігін, өмірге көзқарасы кең ауқымды жас екенін аңғарған орыс патшалығының өкілдері оны тілмаштық, дипломаттық қызметке тарта бастайды. Тобаберенұлы 1830 жылы орыс патшасының өкілдіктерімен бірге Хиуа хандығына, 1834 жылы Демозон экспедициясының құрамында Бұхара хандығына барады. 1814-1846 жылдары осы Хиуа, Бұхара хандықтарымен қоса дипломаттық қызметпен бірнеше мәрте Қоқанда болады. Соларды көріп, өз ұлты хақында әртүрлі ойға кеткен Тобаберенұлы Алмат қазақтарды отырықшылық өмірге үгіттеп, өзі көрген сол халықтардың мәдениетін жеткізуге, қандастарының солармен жақындаса түсуіне қызу атсалысады.

Оның осындай озық қасиеттерін сипаттай келе Ресей әскери уәзиратының (министрлігінің) генерал-лейтенанты шығыс елдері мәселелерінің маманы, кейінірек Орынбор губерниясының Ырғыз бекінісін салуға бағышталған топографиялық істер жөніндегі басшысы И.Бларамберг «Кіші Орда қырғыз-қайсақтарының жерлері» деген кітабында «Қырғыз А. Тобаберенов өте айрықша, керемет ұстамды және ақыл-ойы өте биік те кең адам» деп жазған. Ал Ырғыз уезінің алғашқы басшысы А. Бочак ол туралы «А. Тобаберенов – қырғыз-қайсақ қоғамының шыннайы отаншыл, ұлтшыл өкілі...» деген жазба қалдырыпты. Алматы 1851-1869 жылдар аралығында Орынбор губерниясындағы 54-дистанцияның бастығы, ал 1869-1875 жылдары Қожакөл болысының болысы болған. Ол 1892 жылы жасы 88-ге қараған шағында бақилық болып, Ырғыздан 25 шақырым жердегі Майтөбеде жерленген. Алмат Тобабереновты жерлеуге Қазан университетінің тарих, этно-

графия және археология қоғамының мүшесі, шығыстанушы И. Аничков қатысып, сонда көргендерін «1892 жылы қырғыздардың жерлеу рәсіміне сапар» деген мақала жазған. Атақты суретші В. Верещагин сол мақаланың әсерімен бірнеше мәрте Ырғыз даласында болып картиналар сериясын жасаған. Алмат Тобаберенов көзі тірісінде сол озат ойлы жандармен аралас-құралас болған.

Әкесінің осынау жарқын жолын балалары мен немерелері жалғастырды. Оның үлкен ұлы Самұрат (Шахмұрат) Алматов (1845-1922) 40 жылдан астам Ырғыз уезін басқарды. Ол өз қаржысына орыс-мұсылман мектебін бірнеше мешіт аштырған. Сол мешіттердің бірі бүгінге шейін сақталып қалған. Алмат Тоқбереновтың немересі Абыл Маханов (1903-1937) домбырашы, келісті күйші болған, ал шөбересі – скрипкашы Әлім Алмат 1936 жылы қазақ өнерінің алғашқы Мәскеудегі онкүндігіне қатысқан. Ал тағы бір шөбересі Файзулла Әбсаламов (1911-1993) республикамыздың ең алғашқы кинооператорының бірі-тұғын.

Иә, бүгінгі әңгімемізге негіз болып отырған да сол Әлім Алматтың өзі. Ол – қазақ халқынан шыққан ең тұңғыш скрипкашы еді. Әлгінде айтылған 1936 жылы Мәскеуде қазақ өнерінің онкүндігін өткізуді алғаш қолға алған да, оған бастамашы, қамқоршы болып, ұйымдастырып, сәтті өтуіне де басшылық еткен сол замандағы Қазақ КСР халық-ағарту комиссары Темірбек Жүргенов болатын. Бұл онкүндік КСРО халықтарын қазақ өнерімен алғаш таныстырушы болды. Ол өнерпаздардың ішінде Т.Жүргенов, домбырашы Абыл Маханов және бүгінгі басты кейіпкеріміз Ғалымжан (Әлім) Алмат деген үшеу Ырғыздан болатын. Темірбек Жүргеновты айтпағанда Файзулла Әбсаламов бүгінгі «Қазақфильмнің» негізін қалаушылардың арасындағы құрметті орындағы тұлға болып тарихта қалды.

Әлім Алматтың Қазақстаннан шыққан алғашқы скрипкашы екені жақында ғана белгілі болды. Осы күні Әлім Алматтың скрипкашылық

зор дарынын алғаш рет Мұстафа Шоқайдың зайыбы Мария Гарина-Шоқай байқапты деп жазып жүргендер бар. Бұл қате. Әлімнің бұл ғажайып өнерпаздығын Мариядан көп бұрын Темірбек Жүргенов білетін болған. Ол одан талай жыл бұрын осы жиені, яғни, Әлім ғылым жолына түсуге пейілі барын айтқанда оған «қазақта не көп, математик көп, ал шығармашылдар, өнер жолын қуғандар жетіспей жатыр. Сен оданда скрипкашы болсайшы, саған сол өте лайық» деген екен. Қазақ КСР-нің оқу-ағарту жөніндегі болашақ комиссары (наркомпрос) Әлім Алматтың тағдырына алғаш рет осылай жол ашып берген екен.

Аллаһтағала берген ағыл-тегіл дарыны, жаратылысынан бойына біткен ән-күйге деген үлкен махаббат оның бірыңғай азап пен қорлықтан тұрғызылған концлагердің тозағынан талай мәрте аман-сау шығып, әлемнің ең әйгілі консерваторияларында оқуына, XX ғасырдың ең белгілі-белгілі тұлғаларымен танысып нағыз кемел адам болуына көп септігін тигізді. Енді ол бастан өткерген 30-шы жылдарға сәл ғана шегінейік.

1930 жылы қазақ даласында ұжымдастыру (коллективтендіру) мен Қызыл өкіметтің бассыздығына, зорлық-қорлығына қарсы наразылық күшейе түсті. Сол кезде ҚазОАҚ (ҚазЦИК) далалықтарды яғни, қазақтарды тыныштандырып сабасына түсіруге Әліби Жангелдинді жұмсады. Ал оның жәрдемшісі Әлімнің ағасы, болашақ кинооператор Файзулла Әбсаламов болды. Ол інісі Әлімді алдында қандай зобалаң тағдыр күтіп тұрғанын өте жақсы сезгендіктен оны Темірбек Жүргеновке тапсырады. Оның Әлім Алматты қалай скрипкашы еткенін әлгінде айтқанбыз.

Сол заманда халық ағарту комиссары болған Темірбек Жүргенов дарынды да білімді, біліктілігімен бірге нағыз өнерлі, қабілетті адамдарды жазбай танитын болған. Күндердің күнінде ол музыка мектебінің директоры Сарымовқа телефон соғып Әлім Алматты оқуға алдырады. Ол әуелі Алматыда екі жарым жыл, кейін Ташкентте үш жыл оқиды. Одан әрі



оның ең бір жарқын өмір жолы ба-сталды. Әсіресе, қарапайым қазақ ауылынан шыққан қазақ жігіті Мәскеу онкүндігінде өнер көрсетуінің өзі ол үшін ең үлкен бақытты күндер еді. Алда одан да қызық, одан да бақытты шақтар күтіп тұрғандай сезінетін ол өзін. Алайда, 1941 жылғы маусымның 22-ші жұлдызында оның бүкіл арманы Брест қамалының тас қамалымен қоса тасталқан болды. Тағдыр оған Отан үшін ерлікпен қаза табуды да қимапты. Ол ұрыс даласында есін жиып, көзін ашқанда кеудесіне тақалып тұрған автоматтың үңірейген оқпанын көрді. Ол енді жау тұтқыны. Оған іш сүзегі қосылды. Тұтқындар вагонында кетіп бара жатып доңғалақтардың дүрсілі арасынан «Мына байғұс естүссіз жатқанына 13 күн болыпты. Дәрігер айтады, егер ол ертең есін жимаса оны поездан лақтырып кетеді дейді»-деген бір тұтқынның даусын құлағы шалып қалды. Есін жиғанда жанындағы украин-дәрігер одан «Сен қайта-қайта «Апа, апа» деумен болдың ғой. Ол сендердің тілінде нені білдіреді»-деп сұрады. Тәуір болып аяғына тұрғасын да оның қу сүйекті терімен қаптап қойған түріне қарап немістер оны тас қопаруға жібермей, сардарларға (офицерлерге) қызметші етіп қойды. Унтер-сардардың үйінде тұрды. Ешкім жоқ оңаша қалғанда үйдегі әдемі фортепианоға отыра қалып неше түрлі әуендер тартатын-


ды шығарды. Оның мына қасиетін байқап қалған неміс-сардары (үйдің иесі) оны қамқорлыққа алады. Арада 10 күн өткенде унтер-сардар оны консерваторияға алып келеді. Әлім емтиханнан мүлтіксіз, сүрінбей өтеді. Немістер оның неміс тілін білмейтініне де көңіл аудармай, өнері үшін қатты құрметтейді.

Әлім Алмат өзінің Түркістан легионына қатысқанын мойындамайды. Онысын дәлелдеу еш мүмкін емес екеніне көзі жеткесін, уақыт бәрін өз орнына қояр деген үмітті ғана талғажау етті. Қашан «Бас түркістаншыл» Мұстафа Шоқайдың тағдыры әділ шешілмейінше өзі туралы ойдан шығарылған қара жамаудан құтылмасын ол жақсы білді.

«Екіжүзді», «Шамшырақ», «Франц!» Ешқашан КСРО азаматы атанып көрмесе де Мұстафа Шоқайды ұстап әкелуге арналған әрекеттердің жасырын аты (ОГПУ, НКВД, МГБ қойған) осылай аталатын-ды. Бұл кезде немістер тұтқынға түскен шығыс ұлттарының өкілдерін өздеріне тартумен қатты айналысып жатты. Абверге керек адам әсіресе, Мұстафа Шоқай еді. Фашист идеологтары шығыстық тұтқындарды өздеріне тарту үшін Мұстафаның қолдауы мен келісімін алғысы келді. Олар осы көздегеніне жету үшін Мұстафаның сендер орыстарды жеңе алмайсыңдар, тек халықты қырғынға ұшыратасыңдар деген қытыққа тиер сөзіне шыдады. Мұстафаның сол сөзі шынында да әулиелік сөз болғаны тарихтан белгілі. Соғыс аяқталғасын Әлімнің алдында екі таңдау ғана тұрды. Біріншісі – сатқын деген жаман атаққа қалса да туған елдің топырағына жетіп өлу. Екіншісі – немістердің қолында қазір оқып, үйреніп жатқан ісін жалғастырып атақты скрипкашы болу. Не болса да тірі қалуды көздеген Әлім Мұстафа Шоқайдың сол уақытта Францияның Ножан деген қаласында тұратын жесірі Мария-Горина-Шоқайға тура тартып кетеді.

Бұл туралы Мария Яковлевна өзінің естелігінде 1963 жылы 22 ақпанда былай деп жазыпты: «Бір жылдан соң 1947 жылы Германиядан скрипкашы Әлім Алмат келді. Ол өте шебер скрипкашы екен. Оған консер-





ваторияны тәмамдаған деген диплом керек болды. Соғысқа шейін ол Мәскеу консерваториясының шәкірті (студенті) болған. Соғыстың салдарынан оқуын тәмамдай алмапты. Мен оны Париждегі Рахманинов атындағы орысша консерваторияға кіргіздім. Бірақ оған ондағы профессор-ұстаз Андреев ұнамады да төтенше түрде емтихан тапсыру үшін бір француз ұстаздан дәріс алды. Сөйтіп, емтиханды жақсы тапсырып, Париж консерваториясының дипломын алды. Түркияға кетті де сонда үйленіп, жұмысқа орналасты. Қазір ұстаздық етіп, сазгер есебінде баяндамалар жасайды. Зор табысқа жетті».

Иә, Мария Горина-Шоқай Мұстафа Шоқайдың қандасы Әлімге сенуге болатынын білгендіктен күйеуінің мұрағаттарын жоғалып кетпей тұрғанда Әлімге тапсыруды ұйғарды. Оған қоса Мұстафаның «Эрикссон» деген жазу мәшинесін, тағы бірсыпыра бұйымдарды берді.

Әлім Алмат өзіне Мария берген

бұл заттарды көп уақыт сақтап, кейін филология ғылымының кандидаты, дипломат Бақыт Садықоваға аманаттады. Бақыт мұнда Шоқайдың зайыбы жөнінде мағлұмат, деректер жинауға келген-ді.

Біртұтас Түркістан мемлекетін және әскери тұтқындардан Түркістан әскерін құруды армандап өткен Мұстафа Шоқайдың зайыбымен таныстық, кейін ол таныстықтың үлкен достыққа айналуы Әлім Алматтың өміріне зор өзгеріс әкелді. Бірақ туған елге оралу оның маңдайына ол кезде жазылмапты. Оны елге оралса, алда итжеккенге айдалу яғни, Түркістан легионының сарбазы ретінде түрмеге қамалу ғана күтіп тұрған еді.

Арада 20 жыл өткенде Түркияға оның бауыры Файзулла Әбсаламов келді. Ақ шашты екі егде ер адамның бірін-бірі құшақтап тұрып еңіреп жылағанына тебіренбеген жан қалмады. Файзулла беторамалына түйіп туған жердің бір уыс топырағын ала келіпті. Ол көз жасын сығып оты-

рып НКВД-ның үкімімен 1933-1938 жылдары 80-дегі нағашысы қара Жүргеновтың (Темірбек Жүргеновтың әкесі), оның балалары Қосжан, Досжан және Ысқақ «Халық жауы» атанып атылып кеткенін айтып берді.

Қазақ ССР-і халық ағарту комиссары ретінде солардың үлкен өнер жолына түсуіне сүйемел болған Темірбек Жүргенов те солардың жолын құшып, өлтіріліпті. –Олардан өзге де толып жатқан ырғыздықтарды айдап әкеткен, олардан әлі де бейхабармыз. Ал Абылды 1937 жылы Ақтөбе маңындағы Түйетау деген жерде атты, -дейді Файзулла.

Арада жарты ғасыр өткенде ғана Әлім Алматтың туған жерге табан тигізіп, оның топырағы мен жусанын құшырлана иіскеп, бабасы Алмат Тобабергеновтың бейітіне дұға оқуының сәті түсті. Бұл оның Дүниежүзі қазақтарының 1-ші Құрылтайына келген 1992 жыл болатын.